



Ембі ТЫНЫСЫ

№3 (108)
СӘУІР
2023 ЖЫЛ


«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ – АТЫРАУ OIL&GAS КӨРМЕСІНІҢ АЛТЫН СЕРІКТЕСІ



Бытыр ғасырлық белесті бағындырған «Ембімұнайгаз» АҚ – Солтүстік Каспий аймақтық Атырау Oil&Gas көрмесінің алтын серіктесі. Алыс-жақын шет елдегі салалық компания өкілдерінің басын қосатын диалог алаңына айналған іс-шара биыл 20-шы рет ұйымдастырылып отыр.

→ **3-БЕТТЕ**

ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ САРАЛАНҒАН САПАР

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бастаған жұмыс тобының өндірістік сапары «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Онда 2022 жылдағы өндірістік жоспардың орындалу барысымен және 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмыс нәтижелерімен танысты.

→ **4**

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ЗЕРТТЕГЕН...

Қазақстан Республикасының ірі кен орындарын ашу мен игерудің бастауында ембілік геологтар тұрады. Бүгінгі таңда мұнай өнеркәсібінің басқа салалары сияқты геологиялық қызмет те ілгері қадам басты. Геологтардың қазіргі ұрпағы ресурстық әлеуетті арттыруды жалғастыруда.

→ **6**

МНОГОЦЕЛЕВОЙ ПРОЕКТ

Социальная программа по подготовке кадров для обеспечения потребности производства. Подробности – в интервью с начальником отдела по подбору и развитию персонала департамента управления персоналом и оплаты труда Алтынай Бергеновой.

→ **7**



Жаңа бастама!

Енді «Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар. Тез және оңай. Келесі саннан бастап бұл белгі газеттің соңғы бетінде орналасатынын қаперлеріңізге береміз.



«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНАДА» – ЖАҢА БАСШЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұжымына жаңа басқарма төрағасын – Нұрлан Жақыповты таныстырды.

Үкімет басшысы қордың алдында инвестициялар тарту, энергетикалық кешенді дамыту, республиканың инфрақұрылымдық, көлік-логистикалық және индустриялық дамуын қамтамасыз ету бойынша ауқымды міндеттер тұрғанын атап өтті.

Сонымен қатар қор отандық тауар өндірушілерге белсенді түрде қолдау көрсетіп, қолайлы жағдай жасауға тиіс, бұл ұлттық экономиканың орнықты даму жолында нығаюына мүмкіндік береді.

«Әрбір еншілес компания мен холдинг жұмысының басым бағыттары және КРІ айқындалған, перспективалы міндеттер түсінікті. Қор – біздің елімізде

үлкен активтерді басқаратын өте маңызды құрылым. Қордың тиімді жұмысына көп мәселе, әсіресе бүкіл экономикаға және еліміздің одан әрі дамуына әсер ететін ірі жобалар байланысты болып отыр», - деді Әлихан Смайылов. Сондай-ақ Үкімет басшысы Нұрлан Жақыпов пен қордың барлық қызметкерінің жұмыстарына табыс тіледі.

Сонымен қатар Премьер-Министр соңғы екі жылда қорды басқарған Алмасадам Сәтқалиевке Қазақстан экономикасының дамуына қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

primeminister.kz



ЖОСПАРДА – ӨНДІРУ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев «Ембімұнайгаз» АҚ қызметіне қатысты кеңес өткізді.

Жиында кәсіпорынның мұнай мен газ өндіру бойынша 2023 жылғы жоспарлы көрсеткіштерді орындауы талқыланды.

...ЕМГ 2023 жылға арналған жоспарына сай 2 млн 706 мың тонна мұнай, 225 млн текше метр газ өндіруі керек

екенін атап өткен жөн. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу үшін компания, атап айтқанда, геологиялық-техникалық жұмыс жүргізуді жоспарлап отыр. Бұл болжам бойынша өндіруді шамамен қосымша 195 мың тонна мұнайға арттыруы мүмкін.

Сонымен қатар кеңесте қаржы көрсеткіштерін орындау, күрделі салымдар жоспары, инвестициялық және цифрлы жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ кадр резервін дамыту мәселелері қаралды.

www.kmg.kz

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Бүгінде Қазақстан әлемдік мұнай қорының **3** пайызын иеленеді. Мұнай қорының көрсеткіші бойынша ҚР әлемдегі ТОП-15 мемлекет қатарына кіреді.

Елімізде **172** мұнай кен орны бар, оның **80**-нен астамы игеріліп жатыр.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ БЕКІТІЛДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитеті Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Тараптар елдің аз зерттелген шөгінді алқаптарының жер қойнауын геологиялық зерттеу саласында бірлесе жұмыс істеуге келісті.



Құжатқа «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев пен ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Геология комитетінің төрағасы Ерлан Ақбаров қол қойды.

«Меморандумға қол қою жаңа мұнай-газ кен орындарын іздеу және республиканың ресурстық базасын ұлғайту ісіне елеулі серпін береді. Мұндай жұмыстың түпкі мақсаты – елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, өндірістер мен жаңа жұмыс орындарын ашу», — деп атап өтті ҚМГ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

Меморандум бойынша тараптар жер қойнауын геологиялық зерттеуде ғылыми-техникалық байланыстарды дамытуға, барлау жұмыстарын жүргізуге негіз болатын заманауи және тарихи геологиялық-геофизикалық ақпаратты талдау мен өңдеуде ынтымақтасуға ниет білдірді. Құжатта ҚМГ-нің геологиялық барлау іс-шараларын жоспарлау үшін алдын ала барлау жұмыстарын жүргізу мәселесі (жер қойнауын пайдалануға немесе жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензия немесе өзге де құқықтық рұқсат алғанға дейін) көрініс тапқан.

Тараптар сондай-ақ мемлекеттік геологиялық-геофизикалық қорлардағы тарихи деректерді цифрландыру, жоғары дәлдіктегі сейсмикалық барлау, терең геохимияны және бағдарланған бұрғылау, геологиялық үш өлшемді модельдеу секілді озық технологияларды тарту жолдарын пысықтайды. Өзара іс-қимылдың тағы бір бағыты – деректердің инвесторлар үшін қолжетімді болуына ықпал ету.

Ынтымақтастық шеңберінде техникалық және экономикалық бағалау мақсатында ҚМГ-нің қазіргі геологиялық барлау және перспективалық жобаларының дерекқоры пайдаланылуы мүмкін.

www.kmg.kz

АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев Атырау облысына іссапары аясында еліміздің мұнай-газ саласының дамуына үлес қосып, Бас компанияның еншілес мекемелерінде ұзақ жылдар еңбек еткен сала ардагерлері және қызметкерлерімен кездесті.




Шәпкенов пен облыстың бас имамы Алтынбек Ұтысханұлы қатысты.

Кездесу барысында Мағзұм Мырзағалиев сала ардагерлерінің қара алтын өндірісіне сүбелі үлес қосып, өзіндік қолтаңбаларын қалдырған толымды еңбектеріне алғыс білдірді.

Бір топ ардагерлер сөз алып, мұнайшылар еңбегі, ардагерлерді құрметтеу, кейінгі ұрпақтың сара жолды жалғауы, ескі кеніштердің бүгінгі жәйі, аймақтың экологиясына қатысты сөз қозғап, ой-пікірлерін ортаға салды.

Басқосуға «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ардагерлерімен қатар, ҚРІ, «ҚазТрансОйл», Атырау МӨЗ кәсіпорындарының ардагерлері мен қызметкерлері шақырылды. Касиетті Рамазан айындағы ауыз-ашар рәсіміне орайластырылған шараға облыс әкімі Серік

Кездесуді «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов қорытындылап: «Компанияның бүгінгі табыстары – кешегі сіздердің ерен еңбектеріңіздің нәтижесі. Біз бұны жоғары бағалаймыз» деген жылы лебізбен аяқтады.



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

ЕМГ компаниясының жыл сайынғы негізгі коммуникациялық іс-шара Atyrau Oil&Gas көрмесіне қатысуы отандық кәсіпорынның бай тарихындағы жақсы және маңызды дәстүрге айналды. Көрменің ашылуына «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов қатысты.

Atyrau Oil&Gas көрмесі – мүмкіндіктер мекені. Бұл алаңда жыл сайын мұнай-газ саласы мамандарының басы қосылып, жаңа келіссөздерге жол ашылады. Қара алтын өндірісіндегі тың технологиялар таныстырылып, жаңа тұтынушылар табуға мүмкіндіктер пайда болады.

Көрмеге қатысушы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қызметкерлері атап өткендей, мұнай-газ компаниялары өкілдерінің саланың алдында тұрған жаһандық мәселелерді шешу үшін бас қосып, пікір алмасуы қазіргі уақытта аса маңызды.

Atyrau Oil&Gas Солтүстік Каспий аймақтық көрмесі – Қазақстандағы мұнай-газ саласына қатысты маңызды оқиғалардың бірі. Биыл оған Австрия, Әзірбайжан, Германия, Қазақстан, Қытай, Нидерланды, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей және Түркия елдерінен 80-нен астам ірі мұнай-газ өндіруші және мұнай кәсіпшілігіне сервистік қызмет көрсететін компаниялар, сондай-ақ, мұнай-газ жабдықтарын жасаушылар қатысты. Осының ішінде 30-ға тарта кәсіпорын көрмеге тұңғыш рет өз өнімдерін ұсынған.



МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ – АТЫРАУ OIL&GAS КӨРМЕСІНІҢ АЛТЫН СЕРІКТЕСІ

ҚАТЫСУШЫЛАР ПІКІРІ

Әліл ДӘУЛЕТОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ
бастығының геология және кен
орындарын игеру жөніндегі орын-
басары:

- Жалпы, дәстүрлі көрменің қатысушылар саны артып, ұйымдастырылуы да жыл өткен сайын ауқымды бағыт алып келеді. Көптеген мекемелер бір шара аясында жиналып, өз ұсыныстарын білдіріп, қызметтерін ұсынуда. Бұл – үлкен мүмкіндік.

Atyrau Oil&Gas көрмесінде өндірісті автоматтандыру бойынша және сұйықтық, газ өлшейтін құрылғыларды ұсынушы мекемелер бар екенін байқадым. Бірақ, ұңғымаларды геофизикалық

және гидродинамикалық зерттеу жұмыстарын орындайтын мекемелер кезікпеді. Алдағы уақытта зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратындардың көрме қатысушылары қатарында болатынына үміттенемін.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның экспозициясына қызығушылық танытып, өз қызметтерін ұсынғандар да көп болды. Өз әріптестерімізбен бірге бірнеше мекемелердің ұсыныстарын талқыладық.

Жүзжылдық тарихы бар, қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын компаниямыздың экспозициясы жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Әріптестерімізге алғысымды білдіргім келеді.

Рүстем АБШЕЕВ,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ
бастығының геология және кен
орындарын игеру жөніндегі
орынбасары:

- Atyrau Oil&Gas көрмесі мұнай-газ саласындағы мамандардың тәжірибе алмасуына, өндірістерге жаңа технологияларды енгізуге және шетелдік тәжірибелі компаниялармен жоғарғы деңгейде байланыс орнатуға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Жыл сайын ұйымдастырылатын бұл көрмеге биыл алыс-жақыннан, отандық және шетелдік 80-нен астам компания қатысты. Олар мұнай-газ мекемелерінің арнаулы техникалары, жабдықтары мен құралдары, мұнай-газ және су сораптары, геологиялық барлау аппараттары мен электрлік құрал-жабдықтар, мұнайшылар мен сервистік компаниялар жұмысшы-қызметкерлерінің қысқы кезеңде пайдаланатын арнайы киім-кешектерін көрме сөрелеріне қойды.

Мысалы, Нидерландыдан келген «Найхаус Саур Индастрис» компаниясы ұсынған бағыттар ішінен қабат суларын, ағынды суларды тазарту, конденсатты қалпына келтіру және тазарту, тұзды тазарту, суды қайта өңдеуге қатысты жаңашылдықтарды айта кетуге болады. Қазіргі уақытта бұл компанияның Алматы қаласынан филиалы ашылған.

Сонымен қатар, өз қызметтерін ұсынып отырған компаниялар ішінен Санкт-Петербург қаласынан келген «Специальная нефтепромысловая химия» ЖШС атауға болады. Олар қазіргі уақытта өздері атқарып отырған жұмыстарын ұсынуда. Мәселен, ұңғымаларды цементтеу, жөндеу-оқшаулау жұмыстары, қабаттың мұнай беруін арттыру, су ағынын шектеу, күкіртті сутегімен күресу, фрекинг жарықтарын басқарылатын блоктау, қышқыл коррозиясының жоғары температуралы ингибиторлары, пайдалану үшін химиялық өнімдер, яғни, интеллектуалды синтетикалық қышқылдар шығаруда.

Бұл ұсыныстардың арасынан өз қажетіне жарайтынын іріктеп, тың технология, жетістіктерді игеру – Atyrau Oil&Gas көрмесі ұсынып отырған мүмкіндіктер қатарында.



Atyrau Oil&Gas көрмесіне қатысқаны және ұзақ мерзімді қолдауы үшін «Ембімұнайгаз» АҚ көрме ұйымдастырушыларының тарапынан арнайы марапатталды.





ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ САРАЛАНҒАН САПАР

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бастаған жұмыс тобының өндірістік сапары «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Онда 2022 жылдағы өндірістік жоспардың орындалу барысымен және 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмыс нәтижелерімен танысты.

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Уаз кен орны – былайша айтқанда, жаңалықтың ортасы. Еліміздің мұнай-газ саласында алғаш қолға алынған «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы дәл осы кеніштен өндіріске жол тартқаны белгілі. Бүгінгі өндірістің жаңалығына келсек, Солтүстік Уаз кенішінде электр энергиясын өндіретін газ турбиналы электр станциясы іске қосылды. Электр станциясы арқылы артық газды кәдеге жарата отырып, өз қажеттіліктеріміз үшін электр энергиясы өндірілуде. Сәл артқа шегініс жасасақ.

Баршаға белгілі, еліміздің заңына сәйкес, ілеспе газды алауда жағуға рұқсат жоқ. Тиісті органдардың тарапынан келісімнің болмауынан жылына 10 600 тн. мұнай өндіретін кен

орны сынақты пайдалану мерзімі аяқталған соң, уақытша консервацияға тоқтатылған болатын. Бұдан кейін кен орнын бірқалыпты режиммен жұмыс жасату үшін, ең алдымен жер қойнауынан өндірілетін сұйықтық қатарындағы ілеспе газдың проблемасын шешу, қажет болған жағдайда өз кәдемізге жарату жөйін жауапты мамандар дереу қолға алған болатын. Солтүстік Уаз кенішіндегі жоғарыда аталған шара – осы жұмыстардың нәтижесі.

Айта кету керек, соңғы жылдарда компания басшылығының қолдауымен, аталған кен орнында өндірілетін шикі мұнайды тиімді тасымалдау бағытында арнайы өндірістік жоспар құрылған еді. Соның негізінде шикі газды өңдеуге арналған қондырғы сатып алынып, оны іске қосу қолға алынды. Аталған қондырғы ілеспе газды өңдеп жағу арқылы тоқ көзін өндіріп, сол нысандағы Уаз, Шығыс Уаз және Солтүстік Уаз кен орындарын тоқ көзімен толықтай қамтамасыз етеді деген тұжырым болды.

Уақытша консервацияға тоқтатылған кен орнындағы ұңғыларды іске қосып, заманауи жаңашылдық талаптарға сай ілеспе газды өз қажеттілігімізге тиімді пайдалану мақсатында «Электростанция газопоршневая ЭТС-1560» маркалы қондырғы басқармаға жеткізілген болатын. Осының

нәтижесінде Солтүстік Уаз кен алаңын қайта іске қосуға мүмкіндік болды.

Компания басшылығы аталмыш басқармаға сапар кезінде бірқатар мәселелердің орындалуындағы кемшін тұстарға да назар аударды. Қандай олқылықтар екенін тарқата айтсақ.

Жөндеужүргізіліп және жаңадан құрылысы басталып жатқан әлеуметтік нысандардағы құрылыс жұмыстарының үзіліспен жасалып, кейбіреуінің құрылыс жұмыстары тоқтап тұрғаны жан-жақты айтылды. Нақтылайтын


болсақ, Б.Жоламанов кен орнындағы 60 орындық №1 жатақхананы күрделі жөндеу жұмыстары уақытылы орындалмауда. Өткен жылдың желтоқсан айында тапсырылуы керек құрылыс жұмыстары әлі аяқталған жоқ. Қайнар ауысымдық қалашығындағы 27 пәтерлік тұрғын үйді жөндеу жұмыстары да кешігуде. Құрылыс 2022 жылдың наурыз айында тапсырылуы керек болатын. Оның себебін қайнарлық жауапты мамандар жұмысты қабылдау мақсатында құрылған комиссия мүшелері анықтаған олқылықтардың күні бүгінге дейін толықтырылмауында дейді. Б.Жоламанов кен орнындағы мұнай-газ өндіру бөлімшесінің өндірістік ғимаратын жөндеу барысында аталмыш комиссия анықтаған олқылықтардың күні бүгінге дейін жойылмауына орай, құрылыс нысаны тапсырылмаған.

Құрылысы тоқтап тұрған нысанның тағы бірі – Кенбай мұнайшылар қалашығындағы

әкімшілік ғимарат. 2022 жылдың желтоқсан айында тапсырылуы керек құрылыс-монтаждау жұмыстары күні бүгінге дейін тоқтап тұр.

Орын алған бұл кемшіліктердің себебі мердігер мекеме тарапынан ұйымдастыру шараларының жеткілікті деңгейде болмауынан, құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету жеткілікті деңгейде жүргізілмегендіктен, сонымен қатар, арнайы техникалардың жоқтығы құрылыс жұмыстарын уақытылы аяқтауға кедергі келтіріп отыр деген пікірді алға тартып отыр қайнарлықтар.

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кен алаңдарындағы өндірістік көрсеткіштермен және әлеуметтік саладағы жұмыстармен жан-жақты танысқан компания басшылығы оң жұмыстар мен олқылықтарды саралай келе, алдағы уақыттағы жоспарлы шараларды атап өтті.



Мұнай өндіру (тн)

Мұнай тапсыру (тн)

Газ өндіру (млн м3)

2022 жыл

Жоспар: 483 324

Нақты орындалысы: 484 104

2023 жыл I тоқсан

Жоспар: 117 376

Нақты орындалысы: 117 383

2022 жыл

Жоспар: 479 563

Нақты орындалысы: 480 340

2023 жыл I тоқсан

Жоспар: 115 930

Нақты орындалысы: 116 060

2022 жыл

Жоспар: 8 466 982

Нақты орындалысы: 8 476 298

2023 жыл I тоқсан

Жоспар: 2 061 215

Нақты орындалысы: 2 061 484





КАК ДОСТИГНУТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ, ИЛИ ОСОБЕННОСТИ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО ПЕРЕХОДА

В центре развития коммуникаций им. Н.Балгимбаева Атырауского университета нефти и газа им. С.Утебаева состоялся Bolashaq ENERGY Forum II. В нем приняли участие топ-менеджеры крупных отечественных и иностранных нефтегазовых компаний, ученые, эксперты и представители экологических сообществ.

Темами обсуждения участников форума стали вызовы и возможности в энергетическом секторе в условиях технологических инноваций, увеличение доли возобновляемых источников энергии, экологическая устойчивость, интеграция науки и производства.

Заместитель генерального директора по экономике и финансам АО «Эмбаунайгаз» Рысты Тасмагамбетова выступила в панельной сессии «Энергетический сектор в переходный период: вызовы и возможности в условиях технологических инноваций». В своей презентации она сделала краткий, но интересный экскурс в историю энергетических переходов. К примеру, как человечество переходило от древесины к углю, от угля к нефти. Технологические инновации, появившиеся во время энергетических переходов, стимулировали экономический рост, вложенные инвестиции окупались, и при этом повышался уровень жизни и комфорт людей.

Структура и суть нынешнего энергетического перехода значительно отличается от предыдущих. Он обусловлен тем, что для предотвращения последствий изменения климата необходимо сокращение выбросов парниковых газов. Причем нулевые выбросы должны быть достигнуты уже к 2050 году. Возможно ли это, учитывая ряд нерешенных технологических и сырьевых вопросов, как во время переходного периода, так и после, которые могут дать как положительный эффект, так и значительно усугубить ситуацию в части энергетической безопасности. А также требующиеся

колоссальные инвестиции и капиталовложения?

По подсчетам Международного аналитического центра по изменению климата, для достижения нулевых выбросов глобальные инвестиции в энергетический переход должны увеличиться до 3,5 трлн долларов в год, к 2050 году эти расходы составят 110 триллионов долларов. Такова цена мирового энергетического перехода.

Однако, несмотря на все барьеры и вызовы, каждый субъект энергетической системы несет ответственность перед будущим поколением за то, в каком состоянии будет передана ему самый основной и лимитированный ресурс человечества – земля и её экосистема.

И «Эмбаунайгаз», представляющий нефтегазовый сек-

тор в атырауском регионе более 100 лет, также разделяет данную ответственность и вносит свой вклад в достижение экологической устойчивости. Согласно утвержденному Плану низкоуглеродного развития АО НК «КазМунайГаз» на 2022-2031 годы, компания реализует комплекс мероприятий по достижению целевого показателя по снижению выбросов CO₂.

В завершение своего выступления Р.Тасмагамбетова отметила, что особые надежды в формировании устойчивого и стабильного будущего связаны с новым поколением, которому предстоит завершить переходный период и обеспечить энергетическую безопасность как страны, так и глобальной экономики в целом.



БӨРЕКЕЛДІ!



«ЖАЙЫҚМУНАЙГАЗДЫҢ» ЖАСТАРЫ – ЖЕҢІМПАЗ

Исатай аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен аудан жастары арасында өткен Isatai Quiz интеллектуалды ойыны мәресіне жетіп, жарысқа қатысқан «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының құрама командасы жеңіс тұғырынан көрінді.

Үш кезеңнен тұрған сайысқа барлығы 9 команда қатысып, алғашқы екі кезең үш-үштен топтастырылған командалар арасында өтті. Ал, финалда барлық қатысушылар бір алаңда жиналды.

Тұшықудық әкімдігі, Халық банк, Аққыстау орта мектебі, Ш.Шәріпов саз мектебі, Жалын мәдениет үйі, аудандық аурухана, дербес бөлімдер құрамалары арасында өткен тартысты додада қатысушыларға әр салаға қатысты сауалдар қойылып, тарих, салт-дәстүрлерді еске түсірсе, тың технологияның жетістіктерін жариялап, өзге ұлттардың жұмбақтарын да шешті. Бір сәт әлемдік сурет өнерін зерделесе, аймақ тарихын да таразылады.

Жеңімпаз болып танылған «Жайықмұнайгаз» МГӨ

басқармасы командасының құрамында Есептеу және есеп жүргізу бөлімінің 2-санатты бухгалтері Ерқанат Балмұрзин, №1 мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ, конденсат өндіру шебері Дастан Әділбекұлы, Құрылыс бөлімінің құрылысты қадағалау жөніндегі жетекші инженері Канат Дүйсембаев, Құрылыс бөлімінің құрылысты қадағалау жөніндегі инженері Азамат Балабаев, Көлікпен қамту тобының 1-санатты көлік жөніндегі инженері Бауыржан Құрманғалиев болды.

«Осы секілді шаралардың біздер үшін берері мол. Танымдық деңгейді арттыру, бос уақытты тиімді өткізу, жастардың бір-бірімен байланысын арттыруды көздеген шара өз межесіне жетіп, көңілімізден шықты» дейді Дастан Әділбекұлы.

Өріптестерімізді құттықтаймыз!

Сәуірдің алғашқы жексенбісі – Қазақстан геологтарының кәсіби мерекесі. Осыған орай Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің Н. Балғымбаев атындағы коммуникацияларды дамыту орталығында Қазақстан мұнайшылар мен геологтар қоғамының ұйымдастыруымен дәстүрлі салтанатты жиын өтті.

мүмкіндік беретін жаңа технологиялар қолданылуда.

Тәжірибелік өндірістік сынақ ретінде тұтқырлығы жоғары мұнайы бар таяз қабаттарға полимерлі

60%-ға артты.

Қол жеткен жетістіктерді сақтаумен қатар, алдағы уақытта өндіріс көлемін арттыру Компания алдына жаңа міндеттер

Геологтар күніне арналған шара геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды. Геология саласының ардагерлері,

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ЗЕРТТЕГЕН...



«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Геология және мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімінің басшысы Жасұлан Тұхфатов

мұнай-газ компаниялары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлері, студенттер белгілі ғалымға тағзым етті.

Салтанатты жиынға өңірдегі геологтар мен сала ардагерлері, кен орындарының басшылары және жас буын студенттер – болашақ осы саланың мамандары қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаментінің аға инженері Дастан Шаненов

Өткен жылы атқарылған жұмыстарды саралаған қоғам Президенті қазақ мұнайының қара шаңырағы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның былтыр ғасырлық белесті бағындырып, мерейлі датаға орай, көптеген іс-шараларға арқау болғанын атады.

Әуелгі баста Мақат, Доссор кен орындарындағы қара алтынды өндіру үшін құрылған трест

туралы пікірлерін білдіріп, мамандардың жұмыспен қамтылу мәселесінің өзекті екенін атады.

Жиын қатысушыларын «Ембімұнайгаз» АҚ атынан құттықтаған геология және барлау департаментінің директоры Ернұр Тасеменов



Басқосуда Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов әрдайым ізденісте жүретін, жер қойнауындағы табиғат берген байлықты тауып, оны халық игілігіне пайдалануды мақсат тұтқан сала өкілдерінің еңбегі зор екенін атады. «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халыққа еңбекке, зейнетке төлеуге мүмкіндік болмағанда, қазба байлықтарымызды көдеге асыру үшін өңірімізге ірі инвесторлар келді. Біз геолог мамандардың тапқан жер астындағы қазбаны тиімді пайдалану арқылы экономикамызды көтердік. Бұл – аға буынның келешек ұрпаққа салған сара жолы» деді өңір басшысы.

Құттықтау лебізін жалғаған С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің ректоры-Басқарма төрағасы Гүлзада Шауликова геология саласы мамандарының еңбегін айрықша атап, кәсіби мерекемен құттықтады.

Қазақстан мұнайшылар мен геологтар қоғамы бұл бағыттағы көптеген іргелі жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Бұл туралы айтып өткен аталған қоғамның Президенті Балтабек Қуандықов кешегі нәтижелі жұмыстар мен алдағы жоспарларды жария етті.

бұл күнде іргелі отандық компанияға айналып отыр. Осы 100 жыл ішінде ембілік мұнайшылар өндірген қара алтын ел ырысын еселеді. Қазір «Ембімұнайгаз» АҚ – «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы мұнай өндіруші, келешекке алдына үлкен міндеттер қойған отандық кәсіпорындардың бірі.

Балтабек Қуандықов компанияның 100 жылдық мерейтойына орай өткен жылы жаз айының соңы, күз айларында тұтастай облыс көлемінде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, оларға қоғам мүшелері, сала ардагерлері де қатысқанын айтты. Спорттық, мерекелік шаралар, байқаулар мен іскерлік кездесулер, қызықты сапарлар да көңілден шыққанын айта кеткен жөн болар.

Жүзжылдық белестегі айтулы тағы бір шара – «Мұнайшылар даңқы» алмеясының ашылуы. Бұған қоса, «Ғасыр – ғұмыр» атты компанияның ғасырлық тойына арналған жылнаманың шығуы.

Салтанатты жиында сөз алған сала ардагерлері кәсіби мерекеге орай құттықтау тілектерін жолдай келе, геология саласының кешегісі мен бүгінгі, оны дамыту

геологиялық барлау жұмыстарына қатысты кәсіпорын ұстанған мақсат пен атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар туралы айтты.

– Қазақстан Республикасының ірі кен орындарын ашу мен игерудің бастауында ембілік геологтар тұрады. Бүгінгі таңда мұнай өнеркәсібінің басқа салалары сияқты геологиялық қызмет те ілгері қадам басты. Геологтардың қазіргі ұрпағы ресурстық әлеуетті арттыруды жалғастыруда, – деді ол.

«Ембімұнайгаз» АҚ жыл сайынғы өндіру деңгейіне сай, мұнай қорын толықтыруды қамтамасыз етеді. Дегенмен, өсімнің негізгі бөлігі игерілген кен орындарын қосымша барлаумен байланысты. Сонымен қатар, бірқатар кен орындары өнім берудің жоғарғы сатысында екені бүгінде өзекті.

Бүгінгі таңда Компанияның балансында 86 млн. тонна қалдық мұнай қоры бар. Оның ішінде қорлардың жартысынан астамы алынуы қиын және өткізгіштігі төмен қабаттардағы тұтқырлығы жоғары мұнай санатында. Сондықтан компанияның басты міндеті – оларды тиімді игеру. Осыған байланысты жыл сайын бұл қабаттарды игеруге

сулану технологиясы қолданылғаны – осының дәлелі екенін атаған Ернұр Тасеменов 2021 жылдан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ ұңғымаларды горизонталды бұрғылауға кіріскенін атады. Ембі өндірісінде ұңғымаларды горизонталды бұрғылау әдісі – өз тиімділігін көрсетіп те үлгерген жоба.

Өткізгіштігі төмен қабаттарда гидравликалық жару, сондай-ақ, көп сатылы гидравликалық жару әдісімен горизонталды ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Бұған қоса, қолданыстағы горизонталды оқпанды ұңғымаларға бұйырлық оқпандарды (горизонталды) бұрғылау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, кен орындарындағы қоры таусыла келген вертикалды ұңғымаларға келетін су ағынын шектейтін стандартты жұмыстардан басқа, горизонталды ұңғымаларды бұрғылау әдісі жоғары тиімділігін көрсетті.

Мысалы, «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты С.Балғымбаев кен алаңында 2021 жылдан бастап, 4 горизонталды ұңғыма бұрғыланды. Бұл ұңғымалардың өнім беру көрсеткіші

қойып отыр. Жұмыс орындарын сақтап, кәсіпорынның болашағын қамтамасыз ету үшін өндіріске жаңа технологияларды енгізіп, бизнес-үдерістерді оптимизациялау талап етілуде.

– «Ембімұнайгаз» АҚ өндірісінің болашағы әрине, жаңа кен орындарының ашылуымен байланысты. Бұл мәселені шешу үшін тиісті қадамдар қолға алынуда. 2024 жылдан бастап, Тайсойған учаскесінде іздеу-барлау жұмыстарының белсенді жүргізілуін жоспарлау – осының айғағы, – деді Ернұр Тасеменов.

Шараға бастамашы болған қордың ұйымдастыруымен, былтыр Түркістан қаласында өткен халықаралық геологиялық форумның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атаған ол осы іс-шара аясында Үлкен Қаратау тауларының палеозой шөгінділеріне жасалған геологиялық экспедиция үшін алғыс білдірді. Бұл маңдағы жер бетіне шығып жатқан девон-таскөмір дәуірінің органогенді құрылыстары Каспий маңы ойпатының ірі және алып кен орындарының карбонатты тұзды мұнай және газ қоймаларының үйісі болып табылатынын атады.

Салтанатты жиын барысында кәсіби мерекеге орай, бір топ сала қызметкерлері түрлі деңгейдегі марапатқа ие болды. Әріптестеріміз «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Геология және мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімінің басшысы Жасұлан Тұхфатов ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалін және «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаментінің аға инженері Дастан Шаненов KAZENERGY қауымдастығының Құрмет грамотасын иеленді.

РАЗВИТИЕ

МНОГОЦЕЛЕВОЙ ПРОЕКТ



Масштабный форум «Болашағымыз – бірлікте!» для экспертов в области управления человеческими ресурсами прошел в группе компаний АО «Самрук-Қазына». Более 200 профессионалов HR сферы обсудили важнейшие вопросы кадровой политики фонда, повышения коммуникаций среди компаний, обменялись опытом и эффективными HR практиками.

Проект «Социальная программа по подготовке кадров для обеспечения потребности производства АО «Эмбаунайгаз» был признан лучшим в направлении обучения и развития, и рекомендован к масштабированию в других дочерних компаниях «Самрук-Қазына» в рамках региона. О цели нового проекта и его особенностях рассказала одна из его разработчиков, начальник отдела по подбору и развитию персонала департамента управления персоналом и оплаты труда Алтынай Берегенова.

-Алтынай Демеевна, как родилась идея данного проекта и какова его цель?

- Для любой компании – постоянная и своевременная подготовка кадров для производства – одна из насущных задач. И «Эмбаунайгаз» не исключение, если учитывать, что 20% сотрудников нашей компании – это работники предпенсионного и пенсионного возрастов. Кроме этого, к нам поступают очень много обращений от наших работников о трудоустройстве детей. Также возьмите во внимание социальную ориентированность компании, все это вкуче и привело к разработке данного проекта, который был утвержден решением Правления АО «Эмбаунайгаз» в ноябре 2022 года.

Основной целью программы является поддержка детей работников, чьи семьи относятся к социально уязвимой катего-

рии, путем обучения их в профильных местных колледжах, а также своевременная подготовка кадров согласно потребности производства. В нашем случае, социально уязвимая категория - это малообеспеченные, многодетные семьи, если сам работник, либо член его семьи имеет инвалидность, дети-сироты. Сотрудники, которые долгое время были заняты на работах с вредными условиями труда также смогут воспользоваться этой программой.

- Каковы основные условия программы?

- Это подготовка в колледжах по рабочим профессиям, то есть участник программы должен являться учащимся очного отделения одного из 4 колледжей: Атырауского политехнического колледжа им. С.Мукашева; Мақатского технологического колледжа нефти и газа; Жылыойского технологического колледжа

нефти и газа им.С.Утебаева и Высшего колледжа АРЕС PetroTechnic. Либо же, быть абитуриентом, поступающим в данные колледжи на специальности, определенные компанией.

Со своей стороны, «Эмбаунайгаз» предусмотрел ряд гарантий для участников программы. Это оплата обучения за весь период обучения (если поступают на платной основе). Прохождение всех видов практики согласно учебному графику. Прохождение учащимися дуального обучения, начиная с 3 курса обучения, когда они изучают дисциплины по выбранной профессии. И главная гарантия - это трудоустройство участников программы после завершения обучения. Также хочу отметить, что в период прохождения дуального обучения учащимся будет выплачиваться компенсационная выплата – 66 тысяч тенге. Компания также берет на себя затраты по страхованию жизни, обеспечению спецодеждой и СИЗ, проживанию в общежитиях, трехразовому питанию, доставке до месторождения и обратно.

- На какой стадии сегодня находится реализация программы?

- Для начала мы определили потребность, то есть выявили какие рабочие профессии нам нужны в ближайшие годы, составили перечень специальностей и утвердили квоту для подготовки кадров. Далее, до 1 июня будет вестись сбор и анализ обращений детей работников, утверждаться список участников программы в разрезе специальностей и колледжей. Затем утвержденный список будет направлен в учебные заведения с последующим заключением трехсторонних договоров об оплате обучения и организации дуального обучения. По итогам каждого учебного года будет проводиться оценка участника по успеваемости в колледже. А на производстве, в период дуального обучения проводиться промежуточная оценка по итогам каждой вахты по теоретическим и практическим навыкам согласно плану обучения.

Подытоживая, еще раз хочу сказать, что, претворяя в жизнь данный проект, наша компания успешно решает ряд задач. Помимо подготовки кадров, это и решение социальных вопросов, удовлетворенность персонала, быстрая адаптация студентов при трудоустройстве, подготовка наставников на производстве, сокращение разрыва между теоретической подготовкой и производством.

- Спасибо за беседу. Успехов в работе!

P.S. По итогам HR форума «Болашағымыз – бірлікте!» Алтынай Берегенова была удостоена сертификата на участие в международном форуме Human Capital Days Kazakhstan, который пройдет в Астане, в мае этого года.

МЕРЕЙ

Мұнайшылар отбасында дүние есігін ашып, бүкіл саналы ғұмырын жеті қат жер астынан қара алтын өндірген мұнайшылар ұжымында өткізіп, бір салада тұрақты қызмет ету – кез-келген жанның пешенесіне жазыла бермейтін сирек құбылыс. Осындай ұстанымы бар, алпыс жастың асқарына жеткен, ел алғысын арқалаған азамат Асхат Атырауовты танығаным қырық жылға жуық уақыттың жүзі ауыпты. Сағымдай бұлдырап қалған жылдар санамда естелік болып өріледі.

АБЫРОЙЫ
АСҚАҚ АЗАМАТ

Асхат Байбосынұлы алғашқы еңбек жолын 1981 жылы «Мақатнефть» мұнай-газ өндірістік басқармасында 4-разрядты жерасты ұңғыманы жөндеу операторлығынан бастаған. Кейін әскери борышын өтеген соң, алғашқы еңбек жолындағы ұжымына қайта оралады. «Мақатнефть» мұнай-газ өндірістік басқармасында 2-разрядпен ұңғыманы өлшеуші, кейін 4-разрядпен жерасты ұңғыманы жөндеу операторы қызметтерін атқарады.

А.Атырауов 1986 жылы тамыз айынан бастап, «Эмбаунайгаз» өндірістік бірлестігінің өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплексталау басқармасының Балықшы база-

сында жүкті қабылдап тапсырушы, 1989 жылдан қатардағы жұқ тасымалдаушы экспедитордан өндірісті басқарушы бастығына дейінгі жолдардан өтті. Бүгінде Асхат Байбосынұлы аталған басқарманың бас инженері лауазымын абыроймен атқарып келеді. Ол қай ұжымда болмасын адамдармен жақын араласып, туыстай сыйласып кетеді.

Солардың бірі, қатардағы ардагер мұнайшы Нариман Ибраев әріптес інісінің жұмысқа деген іскерлігі мен қамқорлығын былайша еске алады: «Бізге жұмысқа келген шақта Асхат Байбосынұлымен дәмдес болып, бір-бірімізбен ұжымда қоян-қолтық еңбек ету пешенемізге бұйырды. Сол өндірістің ірге тасын бірге қаласуға, суығы мен ыстығына төзе білуге үйреткен аға буын өкілдері Олжағали Омаров, Қайпен Бейсов, Қайыр Киреев, Балташ Ермұханов, Избасар Тағашев, Тарахи Амантурлин, Төлеген Бисалиев, Жұмабай Табынбаев, Байырхан Қалиев, Келдібай Төреғалиевтерден үлгі алып, өмірлік тәжірибе жинақтадық. Тозығы жеткен техникаларды жамап-жасқап, ауа-райының қолайсыздығына қарамастан өндірісте кідіріс болдырған емеспіз. Міне, содан бері отыз жеті жыл өтіпті. Біз еңбек ететін орнымыз өзгерді, жаңарды. Жаңа техникалар алынды, ішкі жолдар тақтайдай тегістелді. Жарқырап тұр. Бізге қарасты Бейнеу карьерінің ұлу тасынан Жаңа Қаратон қалашығы салынды. Құлсары, Жамансор, Аққыстау базаларына басшымыз Асхат Байбосынұлының сіңірген ерекше еңбегі бар екендігін айтпасқа болмайды».

Әрине, қай салада да бір күнде өндіріс аяғына тұрып кетпейді. Көптеген қиыншылықтар кездесетіні рас. Сол кедергілерге мойымай, соны жеңуге бар білімі мен біліктілігін, тәжірибесі мен күш-жігерін жұмсаған Асхат Байбосынұлының басшылығымен жүзеге асқан жұмыстардың ауқымы кең.

Білімі терең, тәжірибесі мол, адамгершілігі зор азаматтың осындай ұйымдастырушылық шеберлігінің арқасында мұнайлы өндірістің дамуында өзіндік қолтаңбасы бар десек, еш қателеспейміз.

«Тектіден текті туады» деген аталы сөз бар. Асхаттың әкесі Байбосын қарт – саналы ғұмырын Доссор, Мақат, Қошқар мұнай кәсіпшілігіне арнаған, Ұлы Отан соғысына қатысушы. Анасы Жеміс Қалиякперқызы да мұнай кәсіпшілігінің байланыс жүйесінде ұзақ жылдар телефонист оператор болып еңбек етті. Отағасы екеуі тату-тәтті өмір сүріп, алты ұл-қызды дүниеге әкелді. Ұрпақтары мұнай өндіру саласында әртүрлі қызметтер атқарды.

Асхат Байбосынұлы туралы әріптестері: «Еңбекқор, мекемеде күрделі мәселелер туған жағдайда ұйымдастыру жұмыстарының алдыңғы шебінде жүреді. Ұжымдастар арасында беделі жоғары, кез-келген жанға қол ұшын беруге асығады. Достыққа адал, уәдеге берік азамат!» – деседі.

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Қазақ журналистикасының қайраткері

Редакциядан:

«Ембі тынысы» газетінің оқырмандары қатарында тек мұнайшылар ғана емес, өзге сала өкілдері де бар. Редакцияға келіп түскен мына хат — соның дәлелі. Назарларыңызға ұсынылып отырған мақаланың авторы — атыраулықтарға танымал қаламгер, шығармашылық саланың өкілі.

Айтар ой-пікіріңіз, жағымды жаңалығыңыз болса, бізге хат жолдаңыз!

«Мен – ембілікпін»



«Я – эмбинец»



Құрметті әріптестер! «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты ұжымы арасындағы «Мен – ембілікпін» байқауына қатысуға шақырамыз!

Бұл – дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан шара. Осы уақытқа дейін шығармашылық бағытты ұстанған байқаудың шарты мен талаптарына биыл өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдадық.

Ғасырлық белесті бағындырған Ембі өндірісінің тарихына қатысты бытыр көптеген ізденістер жүргізіліп, тарихи деректер зерделенді. Көне тарихтың қойнауында жатқан құжаттарды қолымызға ұстап, беймәлім деректермен, жаңа есімдермен таныстық.

Десек те, қатпарлы тарихтың қалтарысындағы құпия құжаттар әлі де көп екені анық. ЕШКІМ ДЕ, ЕШПЕНЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ. Біздің осынау өмірлік маңызы зор миссиямызды жүзеге асыру үшін биыл «Мен – ембілікпін» байқауы төмендегі 3 номинация бойынша өткізіледі.

БАЙҚАУДЫҢ НОМИНАЦИЯЛАРЫ

1. **«Бір фотонның тарихы»** (Отбасылық мұрағатта, жеке қорда сақталған ескі суреттер жолданады. Белгілі бір оқиғаға немесе салаға қатысты кез-келген атрибут бейнеленуі қажет. Суретке қатысты толық мәлімет қоса жіберіледі)

2. **«Құнды құжат – көненің көзі»** (Бұрын-соңды жарияланбаған, Ембі өндірісіне қатысты мәлімет, деректер келтірілген ескі құжаттар жолданып, түсіндірме мақала қоса беріледі)

Ескертпе: аталған 2 номинация бойынша сурет, құжаттардың түпнұсқасын жолдау міндетті емес, сапалы жасалған көшірмелер жарамды.

3. **«Ұмытылған есімдер»** (Ембі өндірісінің дамуына өзіндік мол үлес қосқан, бүгінде есімі жады-лардан өше бастаған еңбек адамдары туралы естеліктер, тарихи құжаттар)

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

- Тарихи жадыны толықтырып, беймәлім, бұрын жарияланбаған деректерді жинақтау. Ембі өндірісіне қатысты мәліметтерді топтастыру. Ортақ мақсатқа жұмысшыларды ынталандырып, тарихқа үнілуге, өз саламызды жетік білуге ұмтылдыру.

БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Қоғаммен байланыс тобы.

БАЙҚАУҒА ЖОЛДАНАТЫН ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕЗЕҢІ

Байқау жарияланған уақыттан бастап, 2023 жылдың 26-маусымына дейін.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Жобалар/шығармашылық жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша бағаланады: ұсынылған жұмыстардың байқау мақсаттарына сәйкестігі, материалдың жаңалығы және оны жеткізу форматы, тақырыптың жан-жақты ашылуы т.б.

БАЙҚАУДЫҢ ШАРТЫ

• «Мен – ембілікпін» байқауына Компанияға қарасты басқармалардың, Басқару аппаратының кез-келген жұмысшы-қызметкері қатыса алады. Байқауға қатысушы бірнеше номинация бойынша жұмыстарын жолдай алады.

• Жұмыстарды «БАЙҚАУҒА» белгісімен «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесіне (мекен-жайы: Ш.Уәлиханов көшесі, 1) 105-кабинетке немесе Қоғаммен байланыс тобы қызметкерлерінің электронды адресстеріне: G.Karajanova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны – 21-121, 99-34-21), I.Satylganova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны – 21-166, 99-34-66), G.Amirova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны – 21-309, 99-32-09) жолдай аласыздар.

Байқау жеңімпаздарын компанияның топ-менеджерлері, кәсіподақ ұйымының және жауапты департаменттердің басшылығынан құралған құзыретті қазылар алқасы анықтайтын болады.

• Үздік жұмыстар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративтік басылымы «Ембі тынысы» газетінде, Компанияның www.emba.kz сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылады.

Уважаемые коллеги! Приглашаем вас принять участие в ежегодном корпоративном конкурсе «Я – эмбинец» среди работников аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунайгаз».

В прошлом году, в предверии векового юбилея компании была проведена объемная историко-исследовательская работа, в ходе которой были изучены многие архивные документы. Благодаря этому были найдены ранее неизвестные факты из истории «Эмбаунайгаза», уникальные фото и видеоматериалы. Однако, это лишь малая толика всей глыбы исторической летописи за 100 лет. Сколько еще остается неизведанного и неизученного... Поэтому, помня о том, что «НИКТО НЕ ЗАБЫТ И НИЧТО НЕ ЗАБЫТО», тема нынешнего конкурса «Я – эмбинец» посвящена истории Эмбы.

НОМИНАЦИИ КОНКУРСА

1. **«История одного фото»** (Фото из личного или семейного архива. Необходимо будет подробно рассказать об историческом моменте, запечатленном на снимке).

2. **«Ценный документ – свидетельство истории»** (Уникальный архивный документ (ранее неизвестный). Приложить подробный рассказ об этом документе, его возникновении).

Примечание: в вышеуказанных двух номинациях – в случае отсутствия оригинала документа, допускается его копия в хорошем качестве).

3. **«Забывшие имена»** (Воспоминания, архивные документы, рассказывающие о людях, внесших большой вклад в становление и развитие «Эмбаунайгаза», но преданных забвению).

ЦЕЛЬ КОНКУРСА

Популяризация исторического наследия «Эмбаунайгаза» и преемственности поколений.

ОРГАНИЗАТОР КОНКУРСА

Группа по связям с общественностью ТОО «Эмбаунайгаз».

ПЕРИОД ПРИЕМА КОНКУРСНЫХ ЗАЯВОК

С момента объявления конкурса до 26 июня 2023 года.

КРИТЕРИИ ОТБОРА ПОБЕДИТЕЛЕЙ

Проекты/творческие работы оцениваются исходя из следующих критериев: соответствие предоставленных работ целям конкурса, новизна материала и формата его подачи, глубина изложения темы, доступность для восприятия.

УСЛОВИЯ КОНКУРСА

• К участию в конкурсе допускаются все работники аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунайгаз». Допускается участие одного конкурсанта в нескольких номинациях.

• Заявки с пометкой «НА КОНКУРС» принимаются по адресу: головной офис АО «Эмбаунайгаз» по адресу: Валиханова 1, каб. №105, либо на электронные адреса сотрудников группы по связям с общественностью: G.Karajanova@emg.kmger.kz (телефон: 21-121, 99-34-21), I.Satylganova@emg.kmger.kz (телефон – 21-166, 99-34-66), G.Amirova@emg.kmger.kz (телефон – 21-309, 99-32-09)

Победители конкурса определяются компетентным жюри в составе топ-менеджеров компании, руководства профсоюзной организации и руководителей профильных департаментов.

• Имена победителей конкурса будут опубликованы в корпоративной газете АО «Эмбаунайгаз» «Ембі тынысы», на корпоративном сайте - www.emba.kz, а также на официальных страницах компании в социальных сетях.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmger.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmger.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmger.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Г.Шарафетдинова – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

М. Елеусінов – Бас технолог;

Т.Сәрсенов – мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин – әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев – өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова – қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.